

Ә.Ә. Тәжекеев\* , Ж.К. Султанжанов 

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

\*e-mail: azik8484@mail.ru

## КӨКСЕҢГІР ҚЫРАТЫНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ ОБАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (ХОРЕЗМ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Мақалада XX ғ. 40-90 жж. аралығында Шығыс Арал маңында жүргізілген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) археологиялық зерттеу жұмыстарына шолу жасалады. Сонымен қатар, Хорезм экспедициясы 1960-1961 жж. қазба жұмыстарын жүргізген Көксеңгір обалары қарастырылады.

Археологиялық дереккөзді зерттеу кезінде далалық және зертханалық зерттеулерді біріктіретін дәстүрлі әдістер қолданылды. Зерттеудің дереккөздік базасын РҒА Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының архив қорында сақталған ХАЭЭ материалдары және Хорезм мен Шірікрат археологиялық экспедициялары мүшелерінің жарияланған еңбектері құрайды.

Бұл жарияланымда ХАЭЭ-ның кейбір архив мәліметтері алғаш жарияланып отыр. Мысалы, №2 және №3 обаларға жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері мен №1 обадан табылған қылыш қынабына бекітілген алтын түйенің басы бейнесіндегі жапсырманың түсті фотосы тек архивте сақталған. Зерттеу нысаны орналасқан аймақта Ә.Ә. Тәжекеевтің жетекшілігімен қайта барлау жұмыстары да жүргізілген.

Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы сармат кезеңінің материалдары Жетіасар шатқалындағы ескерткіштерде кездесетіні ғылымға мәлім. Бірақ, жекелеген тек сармат ескерткіші ретінде, әзірге, Көксеңгір обаларын ғана айта аламыз. Сол себепті, мақаладағы деректер сармат археологиясы үшін маңызды деп есептейміз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихындағы ғұн-сармат кезені: пәнаралық зерттеу, талдау және қайта жаңғырту» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатта қаржыландыру жұмысын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі: BR 18574175).

**Түйін сөздер:** Сырдария, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы, Көксеңгір қыраты, обалар, керамика.

A.A. Tazhekeyev\*, Zh.K. Sultanzhanov

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

\*e-mail: azik8484@mail.ru

### Studies of late sarmatian mounds on the Koksengir plateau (based on archival materials of the Khorezm archaeological and ethnographic expedition)

The article provides an overview of the results of archaeological research of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition (KhAEE) conducted in the Eastern Aral Sea region in the 40-90 years of the XX century. In addition, we consider the burial mounds of the Koksengir plateau, which were explored by the Khorezm expedition in 1960-1961.

When studying the archaeological source, traditional methods were used, combining field and laboratory studies. The source base of the research consists of the materials of the KhAEE, stored in the archival fund of the Miklukho-Maklay Institute of Ethnology and Anthropology of the Russian Academy of Sciences, and the published works of members of the Khorezm and Chirikrabort archaeological expeditions.

The publication publishes for the first time some archives of the KhAEE. For example, the results of the excavations carried out in mounds No. 2 and No. 3, and a color photograph of the lining with the image of a golden camel's head attached to the scabbard of a sword found in mound No. 1 have been preserved only in the archive. Also, under the leadership of A.A. Tazhekeyev, repeated exploration work was carried out in the area of the location of the research object.

Science knows that the materials of the Sarmatian period along the lower course of the Syr Darya can be found in the sites of the Zhetyasar tract. However, as a separate Sarmatian site, only the Koksengir

mounds can be mentioned so far. Therefore, we believe that these articles are important for Sarmatian archaeology.

The article was prepared as part of the implementation of the program-targeted funding of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic: "The Hunno-Sarmatian era in the history of Kazakhstan: interdisciplinary research, analysis and reconstruction" (registration number: BR 18574175)

**Key words:** Syr Darya, Khorezm archaeological and ethnographic expedition, Koksengir, mounds, ceramics.

А.А. Тәжекеев\*, Ж.К. Султанжанов

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда  
\*e-mail: azik8484@mail.ru

### **Исследования позднесарматских курганов на Коксенгирском плато (по архивным материалам Хорезмской археолого-этнографической экспедиции)**

В статье дается обзор результатам археологических исследований Хорезмской археолого-этнографической экспедиции (ХАЭЭ), проведенных в восточном Приаралье в 40-90 гг. XX в. Кроме того, рассматриваются курганы Коксенгирского плато, которые исследовались Хорезмской экспедицией в 1960-1961 гг.

При изучении археологического источника использовались традиционные методы, сочетающие полевые и лабораторные исследования. Источниковую базу исследования составляют материалы ХАЭЭ, хранящиеся в архивном фонде Института этнологии и антропологии им. Миклухо-Маклая РАН, и опубликованные труды членов Хорезмской и Чирикратской археологических экспедиций.

В работе впервые публикуются некоторые архивы ХАЭЭ. Например, результаты раскопок, проведенных в курганах №2 и №3, и цветная фотография накладки с изображением золотой головы верблюда, прикрепленной к ножнам меча, найденной в кургане №1 сохранились только в архиве. Также под руководством А.А. Тәжекеева проводились повторные разведочные работы в районе расположения объекта исследования.

Науке известно, что материалы сарматского периода по нижнему течению Сырдарьи можно встретить в памятниках Жетыясарского урочища. Однако, как отдельный сарматский памятник пока можно упомянуть только Коксенгирские курганы. Поэтому мы считаем, что данные, представленные в статье важны для сарматской археологии.

Статья подготовлена в рамках реализации работы программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по теме: «Гунно-сарматская эпоха в истории Казахстана: междисциплинарное исследование, анализ и реконструкция» (регистрационный номер: BR 18574175).

**Ключевые слова:** Сырдарья, Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция, хребет Коксенгир, курганы, керамика.

### **Кіріспе**

XX ғ. ортасынан басталған оңтүстік-шығыс Арал маңын зерттеуге елеулі үлес қосқан кен ауқымды жоспарланған археологиялық зерттеулер болды. Бұл уақыттағы барлық жәдігерлер мен жаңалықтар әлемдегі ең ірі экспедициялардың бірі – С.П. Толстовтың жетекшілігімен жүргізілген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының қызметімен байланысты.

1946 ж. Қызылқұм шөлінің аумағын қамтыған С.П. Толстовтың жетекшілігімен Хорезм экспедициясының әуеден барлау жұмыстарының төртінші қорытынды кезеңінде ежелгі Әмудария мен Сырдария атырауларының төменгі бөліктері зерттелді. Нәтижесінде Жаңадария мен

Қуандария арналарында б.з.д. I мыңжылдықтан бастап – Қарақалпақтар уақытына дейінгі 200-ден астам жаңа ескерткіштер анықталды.

С.П. Толстов Шығыс Арал маңында археологиялық мәдениеттің екі жаңа тарауын ашты:

Біріншіден, б.з.д. I мыңжылдықтың ортасы мен екінші жартысындағы Қуандария бассейнінің отырықшы егіншілік халқының ерекше, жартылай варварлық Жетіасар мәдениеті ашылды (Толстов, 1948: 125-140).

Жетіасар шатқалында әртүрлі ескерткіштер кездеседі. Олардың кейбіреулерінде 1948-1951 жж. қазба жұмыстары жүрді. Төрт ірі бекіністен тұратын – «үлкен үй», «кіші үй», «дөңгелек және тікбұрышты қамалдар», Алтын асар қалашығында, тек «үлкен үйде» қазба жұмыстары

жүргізілген. Археологиялық жұмыстардың нәтижесінде б.з.д. I мыңжылдықтың ортасы – б.з. I ғ. және б.з. III-VII ғғ. жататын тұрғын жайлардың «екі құрылыс кезеңі» белгіленді (Толстов, 1962: 189-190). Алтын асар қалашығынан басқа, №9 Жетіасарда барлау жұмыстары жүріп, онда б.з. III-VII ғғ. Мерзімделетін «спиральды» құрылыс түрі табылды (Толстов, 1962: 163).

Екіншіден, б.з. I мыңжылдығында ерте ортағасырлық оғыз-түркілердің негізгі өзегін құрған Арал теңізінің шығыс жағалауындағы отырықшы малшылардың, балықшылардың және егіншілердің ерекше мәдениетін ашты (Толстов, 1948: 62).

Дегенмен, археологиялық жұмыстар барысында Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің мерзімделуі расталмады. Осыған сәйкес, 1963 ж. Оңтүстік-Шығыс Арал маңындағы археологиялық зерттеулер тоқтатылып, тек 1973 ж. ғана қайта жанданды Жетіасар шатқалында жерлеу орындары қазылып, басқа ескерткіштер зерттелді (Левина, 1974: 471; Левина, 1975: 42-46; Левина, 1976: 83-134).

1986-1991 жж. аралығында Жетіасар шатқалындағы қорғау-сақтау жұмыстары барысында Алтын асар, Томпақ асар, Үлкен Қос-асар және Кіші Қос-асар қалашықтарының қорымдары зерттелді. Томпақ-асар қалашығында 1000-нан астам жерлеу орындары мен құрылыстары бар 700-ден астам қорғандар, сонымен қатар, Алтын асардағы бес бұрышты бекіністе қазба жұмыстары жүрген.

Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін археологиялық зерттеу, бұл мәдениеттің өз дамуында үш ірі кезеңнен өткенін анықтауға мүмкіндік берді: Жетіасар I (б.з.д. VII-VI ғғ. – б.з. III-IV ғғ.), Жетіасар II (IV-VI ғғ.) және Жетіасар III (VII-IX ғғ.) (Левина, 1971: 64-76; Левина, 1996: 10). Л.М. Левина Жетіасар ескерткіштерінің материалдық мәдениетінде де, қалашықтардың орналасуында да, олардың фортификациялық құрылымында да екінші және үшінші кезеңдер арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін атап өтті (Левина, 1996).

1950-1970 жж. қамтитын барлау жұмыстары құрамында археолог, геоморфолог, топырақтанушы, топограф және т.б. мамандар біріктірілген жоспарлы көп шақырымдық жер үсті маршруттары Үлкен Арал жазығының аумағын қамтыды.

1948 ж. бастап маршруттық жұмыстармен қатар ежелгі Оңтүстік Сырдария каналдарының бассейндерінде орналасқан елді мекендер мен

қорымдарда кең ауқымды қазба жұмыстары жүргізілген.

ХАЭЭ-ның Жаңадария бассейніндегі археологиялық-топографиялық зерттеулері 1956-1957 жж. Б.В. Андриановтың жетекшілігімен жалғасын тапты. Жаңадария бассейніндегі зерттеулердің негізгі міндеті 1946 ж. әуеден барлау жұмыстары кезінде Хорезм экспедициясы ашқан ортағасырлық Қарақалпақ ирригациясын зерттеу болатын. 1956 ж. Барақ-тамнан Шобанқазған шатқалына дейінгі және одан әрі Жаңадарияның орта ағысындағы Қлы шатқалына дейінгі аумақ зерттелді. Онда Қарақалпақтардың Аралбай қала бекінісі ашылды. 1957 ж. жұмыстар Жаңадариядағы Қлы шатқалынан Орынбай-қала, Сарлытам қалашығына дейін және Шірікрат қалашығына дейін жалғасқан (Андрианов, 1960: 172-190).

Хорезм экспедициясының археологиялық-топографиялық барлау тобы жұмыстары (Б.В. Андриановтың жетекшілігімен) 1958 ж. Жаңадарияның бассейнінде және Куандарияның солтүстігінде жүргізілген. Барлау тобының негізгі міндеті Жаңадарияның суларына негізделген Бәбіш мола типті ескерткіштер мен Куандария өзенінің суларына негізделген ежелгі егіншілік ескерткіштері арасындағы шекара аймағын зерттеу болатын. Зерттеушілер асар типтес көптеген ауылдық елді мекендер мен қалашықтарды тіркеген, тиісінше бұл осы ескерткіштерді қалдырған тайпалардың қоныстану аумағын нақтылауға мүмкіндік берді (Андрианов, 1958; Толстов, Жданко, Итина, 1963: 32-90).

1959 ж. Хорезм экспедициясының Іңкәрдария бағыты екі кезеңге бөлінді: барлау (оның барысында бірқатар қызықты тарихи ескерткіштер ашылды) және қазба жұмыстары жүргізілді. Барлау жұмыстарының соңғы бөлігі зерттелген аудандар мен қазба нысандарын аэрофототүсіріліммен және визуалды бақылаулармен маршрут сызығы бойынша АН-2 ұшағымен ұшып қарады.

Барлау жұмыстары барысында әртүрлі кезеңге жататын (Суықбет 1-6, Баян 1-4, Төртұрма 1, 2, Түгіскен 1, 2, 3, Ұйғарақ 1 елді мекендері) көп тұрақтар мен қоныстар анықталды. Олар негізінен Оңтүстік ежелгі Сырдария арналарының аңғарларында – Іңкәрдарияда орналасқан (Толстов, Жданко, Итина, 1963: 32-53).

1957-1960 жж. далалық маусымында Хорезм экспедициясы негізінен Шірік-рабат мәдениетінің ескерткіштеріне жататын Шірік-рабат және Бәбішмола қалашықтарында стационарлық

қазба жұмыстарын жүргізді (Толстов, Воробьева, Рапопорт, 1960: 15-62; Толстов, Жданко, Итина, 1963: 53-67). Орта Жаңадария бассейніндегі ежелгі ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде алынған материалдар б.з.д. V-IV ғғ. соңынан – б.з.д. II ғ. дейінгі кезенді қамтиды. Бұл ескерткіштер бірқатар маңызды белгілеріне сәйкес (қоныстану түрі, керамикалық кешені, жерлеу рәсімі және құрылымдар) Шірікрат мәдениетіне біріктіріледі. Шірікрат мәдениетінің атауы оның ең үлкен ескерткіші – Шірікрат қалашығы бойынша ұсынылған (Вайнберг, Левина, 1993: -7).

1960-1963 жж. М.А. Итинаның жетекшілігімен Түгіскен жерлеу кешенінде қазба жұмыстары жүргізілді (Толстов, Жданко, Итина, 1963: 36-47; Итина, Яблонский, 1997; Итина, Яблонский, 2001). 1961 ж. О.А. Вишневскаяның жетекшілігімен Ұйғарақ қорымында стационарлық қазбалары басталды, олар 1962, 1963 және 1965 жж. жалғасты (Вишневская, 1973).

Соңында, 1971-1972 жж. Хорезм экспедициясының Сырдария тобы (топ жетекшілері Б.В. Андрианов мен Н.Н. Вактурская) ежелгі Сырдария атырауының аумағында кешенді далалық зерттеулер жүргізді. Бұл жұмыстардың негізгі міндеті Сібір өзендерінің су ағынының бір бөлігін Арал теңізінің бассейніне көшіру жобасына сәйкес жоспарланып отырған Сырдария түбіндегі ежелгі суару жерлерін қайта игеру үшін картаға түсіру болды.

1971 ж. Сырдария отрядының кешенді археологиялық-геоморфологиялық жұмыстары ежелгі Сырдария атырауының оңтүстік-батыс бөлігінде Іңкәрдария және Жаңадария бассейндерінде (орта және төменгі ағысында), сондай-ақ Арал маңындағы құмдарда (Арсыбай 1, Арсыбай 2, Тулак) қоныстары бар маңызды орындар анықталған Ащысай және Дайрабай арналары және XVIII ғасырға жататын арналар бойынша жүргізілген (Итина, Вактурская, Левина, 1971; Левина, 1971).

1972 ж. маршрут ежелгі Сырдария атырауының оңтүстік-шығыс бөлігін Іңкәрдарияның бастауынан орта Жаңадария мен Мырзалы шатқалына дейін қамтыды, онда Н.Н. Вактурскаяның басшылығымен хорезмшах қонысы (Мырзалы) қазылды. Зерттелетін аумақтың шығыс бөлігінде жұмыстар барысында әр түрлі дәуірдегі жаңа археологиялық ескерткіштер (Тас 1, 2, 3 тұрақтар, Сенгір-қала, Тас-асар, Құян қала, Қақ қала, Ерімбет елді мекендері, Қызылғыр қорымы және т. б.) ашылған (Итина, Андрианов, 1972).

Атап өту қажет, Сырдарияның ежелгі арналарында жүргізілген зерттеу жұмыстарының 30 жылдан астам үзілісінен кейін, 2000 ж. басынан бастап қазақстандық, ресейлік және еуропалық ғылыми ұйымдар біріккен халықаралық экспедициялар жаңа зерттеулер жүргізуде.

Осылайша, оңтүстік-шығыс Арал маңында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жарты ғасырдан астам кешенді зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеу жұмыстарының көп бөлігі жарияланған. Дегенмен, ғылыми айналымға енген, тек архив дерегі болып сақталып тұрған мәліметтер де бар. Мақалада архив деректері болып сақталған, ХАЭЭ-ның Көксеңгір қыратындағы обаларға 1960-1961 жж. жүргізілген зерттеулері қарастырылады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**


Археологиялық дереккөзді зерттеу кезінде далалық (барлау жұмыстары) және зертханалық (мұрағаттық материалдармен жұмыс) зерттеулерді біріктіретін дәстүрлі әдістер қолданылды. Нысанды таңдауға 1961 ж. Көксеңгір қыратының қорғандары зерттеліп, бірақ олардың материалдары ішінара ғана ғылыми айналымға енгізілуі және негізгі ақпарат тек Хорезм экспедициясының мұрағатында сақталуы негіз болды.

Зерттеудің дереккөздік базасын Ресей Ғылым академиясының Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының №142 архив қорында сақталған 1960-1970 жж. аралығында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы мүшелерінің ғылыми далалық есептерімен ұсынылған мұрағаттық деректер, сондай-ақ Хорезм және Шірікрат археологиялық экспедициялары мүшелерінің жарияланған еңбектері құрайды.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар**

Қөксеңгір Қызылорда облысы, Сырдария ауданының Қызылқұм беткейіндегі 20 шақырымға созылып жатқан биік қырат (1 сурет). Жоғарыда аталып өткендей, 1960 ж. С.П.Толстовтың жетекшілігімен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының әуеден барлау жұмыстары барысында қырат басынан обалар анықталып, 1961 ж. қазба жұмыстары жүргізіледі (Толстов, Жданко, Итина, 1963: 34).





**1 сурет.** Көксеңгір қыраты мен қорымның космосуреті (Google Earth базасы бойынша).

2012 жылы Ж.Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірікқабат археологиялық экспедициясының барлау отряды (Ә.Ә. Тәжекеев) қайта барлау жұмыстарын жүргізді (2 сурет) (Тәжекеев, Дарменов, 2012: 127-133).

1961 ж. қазба жұмыстарының (оба №1) нәтижелерін С.П. Толстов Советтік археология журналына қысқаша жариялаған. Ал жерлеу орындары (оба №1, №2) жайлы деректерді тек ХАЭЭ-ның архив материалдарынан ғана кездестіруге болады.

Үш обаның ішінде №1 оба тоналмағандықтан, тың деректер табылып, тарихи сұрақтарға қатысты қызықты мәлімет береді (3 сурет). Обалардан қола емес, темір жебе ұштары, сабы ағаш сармат қылышы, адырнасы сүйектен жасалған садақ табылады. Қылыш қынабының


ұшы түйенің басы түрінде алтыннан жасалған жапсырмамен безендірілген. Алтын бұйым бирюза тастарымен әшекейленген (4 сурет). Сонымен қатар, дән үккіш тастар табылған (Толстов, 1962: 142-144).

№2 және №3 обалар 1961 ж. қыркүйек-қазан айларында қазылған. Олар №1 обаның солтүстік-батысқа қарай 1 шақырым жерде орналасқан. Обалар айнала тақырдан 16 метр биік қыраттың тік жарына жақын жерге қойылған. №2 обаның жайылған үйіндісінің биіктігі шамамен 1 м, диаметрі 25 м-ге тең.


Үйінді астында ұзындығы 3,4 м, ені 1,5 м тереңдігі 1 м (шұңқырдың түбіндегі ұзындығы 2,3 м, ені 1 м) жерлеу шұңқыры анықталған. Шұңқырдың ұзын осі солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған.



**2 сурет.** Көксеңгір қыраты (авторы Ә.Ә.Тәжекеев)



3 сурет. Көксенгір қыраты. № 1 оба (Толстов, 1962: 144, рис. 21).



4 сурет. Көксенгір обасы. Қылыш қынабына бекітілген алтын түйенің басы бейнесіндегі жапсырма (ХАЭЭ-сы архивінен алынған).

Жерлеу орны тоналған, бірақ, шұңқыр ағаш шабындымен жабылып, оның үстіне қамыс төселген. Шұңқырдың табанына да қамыс жайылған.

Обалар үйіндісіне құм пайдаланып, үйіндіні бекіту мақсатында беті қалың қызыл тастармен жабылған. Нәтижесінде обаның қызыл түске айналған бейнесі – кейбір діни ғұрыптарға байланысты болуы мүмкін. Осы қызыл қабат бойынша обаның алғашқы диаметрі 15 м, биіктігі 3 м-ге дейін жеткен.

Жерлеу құрал-саймандары мен қаңқа сүйектері обаны тонау барысында қатты араласып кеткен. Сонда да, мәйіт басының бағыты солтүстік-батысқа бақытталғанын аңғаруға болады. Қабірде темір найза мен қылыштың сынықтары қалған. Алтын темір үш қырлы жебе ұштары жақсы сақталған. Біреуі жапырақша алтынмен оралған, екі темір тоға табылған. Жерленген кісінің аяқ жағына қара түспен жылтыратылған құмыра қойылған. Бұл құмыраның

тұтқасының түбінен екі құйылған білікше созылып, төмен қарай дөңгеленген екі спиральды құрайды.

№3 оба үйіндісінің диаметрі 25 м, биіктігі жарты метрден сәл асады. Үйінді астында, тасты табиғи жерден, оңтүстіктен солтүстікке созылған жерлеу шұңқыры анықталған. Шұңқырдың ұзындығы 3,4 м, ені 1,3 м, тереңдігі 0,8 м. Шұңқыр мен оны қазу барысында шығарылған топырақ бетіне қамыс төселген. Сосын құмды төбе үйілген, №2 обадағыдай қызыл тасты қабатпен жабылған. Бұл қабат бойынша обаның алғашқы диаметрі 18 м болуы ықтимал.

Жерлеу орны тоналған. Қаңқаның кеуде сүйектерінің жатқан жеріне қарап, мәйіттің басы солтүстікке бағытталып қойылғанын аңғаруға болады. Тонау барысында бас сүйек шұңқырдың қабырғасына қарай тасталған. Бас сүйегінің сүйектерінде жасанды сақиналы деформация бар деп болжауға болады. Мәйіттің бас жағына сұр түсті қыш құмыра қойылған. Құмыраның беті аздап жылтыратылған, иығына үшбұрышты сызылған фестондар түріндегі ою-өрнек салынған. Қабір шұңғыры топырағынан ортасында тесігі бар, диаметрі 4 см, ақ түсті тас диск (ұршық бас) табылған (Рапопорт, 1961: 28-29).

Ежелгі Іңкәрдария бойын мекен еткен сарматтар көшпелі өмір сүру салтымен қатар, отырықшы шаруашылықтарымен де айналысуы мүмкін. Жерлеу құрал-саймандар ішінен табылған дән үккіштер соның дәлелі болмақ.

Көксеңгірдің шығысындағы Орта Іңкәрдария бойында тайпалар қарқынды қоныстанғанын айта кету керек. ХАЭЭ-сы 1972 ж. бұл аймақта Тас-асар, Қоян-қала және Қақ-қала сияқты (б.з.д. I мыңжылдықтың 2-жартысы) ірі елді мекендері ашқан.

Тас-асар төртбұрышты пішінді (36x35 м), қоныстың оңтүстік-батыс бөлігінде, жоспары шаршы келген (12x10x5 м) құрылысы бар қалашық болып табылады. Бұл құрылыс қоныс аймағының қалған бөлігінен 2-3 м биік. Тас-асар қалашығының топографиясы, орналасуы және керамикалық материалдары бойынша Жетіасар қоныстары кешеніне (Қуандариядағы оазис) жатады. Л.М. Левина Тас-асардың керамикалық кешеніне Жетіасар I және III кезеңінің керамикалары ұқсастығын айтады. Керамикалық материалдары бойынша қонысты шамамен б.з. I мыңжылдығының аяғымен мерзімдейді (Левина, 1972).

Қоян-қала қалашығы жоспары бойынша төртбұрышты (100x70 м), солтүстік, батыс және шығыс жағынан ормен, шығысы Іңкәрдария арнасымен қоршалған. Қоныстың ортасында көлемі 40x40 м төртбұрышты құрылысы орны бар. Керамикалық пішіндердің ішінде көлденең гофрленген қазан тәріздес қызыл саз ыдыстар, қалың қара ангоб іздері бар және ойылған ою-өрнекті құмыралар, қызыл ангоб тостағандар, саптыаяқтар және кішкентай, дөңгелек жиегі бар құмыралар кездеседі. Қоныс шамамен б.з. I мыңжылдығының ортасымен (мүмкін сәл ерте) мерзімделеді.

Б.В. Андрианов керамикалық кешенге сүйеніп отырып, Қақ-қала қонысын б.з.д. I мыңжылдығының аяғына жатқызады. Ол Сырдария алқабының бұл аймақтарында (Орта Іңкәрдария) б.з. I мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басында мол су болып, халықтың жақсы қоныстанған атап өтеді (Итина, Андрианов, 1972).

### Қорытынды

1972 ж. ХАЭЭ-ның жынақтаған материалдарға қарағанда, б.з.д. I мыңжылдығының 2-жартысы мен б.з. I мыңжылдығының 1-жартысында Көксеңгір маңындағы Орта Іңкәрдария жүйесі мен одан шығысқа қарай мол су басқанын байқаймыз (Тажекеев, 2012: 96-105). Жоғарыда айтылған қоныстар мерзімделуі бойынша қайта зерттеулерді қажет етеді. Қыш ыдыстар бойынша Жетіасар ескерткіштерімен ұқсастығын ескерсек, Жетіасар қалаларындағы өмір сүру кезеңі мен Жетіасар обаларындағы қарапайым шұңқырларға жерлеу дәстүрі де б.з. I мыңжылдығының 1-жартысымен мерзімделетінін айта кету қажет (Левина, 1996: 60-121).

Көксеңгір обаларына қайта оралсақ, С.П. Толстовтың пікірінше, оба құрылымы бойынша сарматтардың жерлеу салтына тән. Обалар б.з. II-III ғғ. мерзімделеді (Толстов, 1962: 142-144). Құрбандық ыдыстар, ғұрпы, жерлеу құрылысы негізінде Еділ бойының сарматтарының Орта Азия жеріне дейін жеткенін байқаймыз. Бұл деректер негізінде, Сырдың төменгі ағысы бойын мекендеген сармат тайпалары Қуандария мен Ескідария бассейндерінде ғана емес, сонымен қатар, Іңкәрдария арнасының бойында да қоныстанғанын көріп отырымыз.

Әдебиеттер

- Андрианов Б.В. (1956). Археолого-топографические изыскания в бассейне Жанадарьи в 1956 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 27. Москва.
- Андрианов Б.В. (1957). Отчет о работе археолого-топографического отряда в 1957 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 31. Москва.
- Андрианов Б.В. (1958). Этническая территория каракалпаков в северном Хорезме (XVIII-XIX вв.) // ТХЭ. Т. III. Москва. С. 7-132.
- Андрианов Б.В. (1960). Инкардарьинский маршрут в 1960 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 50. Москва.
- Вайнберг Б.И., Левина Л.М. (1993). Чирикрабатская культура. – Низовья Сырдарьи в древности. Вып. I. Москва. 175 с.
- Вишневская О.А. (1973). Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н. э. ТХЭ. Т. VIII. Москва. 160 с.
- Итина М.А., Андрианов Б.В. (1972). Отчет о работах Сырдарьинского отряда Хорезмской археологической экспедиции в 1972 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед.хр. 97. Москва.
- Итина М.А., Вактурская Н.Н., Левина Л.М. (1971). Работа Хорезмской экспедиции в низовьях Сырдарьи // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 88. Москва.
- Итина М.А., Яблонский Л.Т. (1997). Саки Нижней Сырдарьи. Москва. 187 с.
- Итина М.А., Яблонский Л.Т. (2001). Мавзолеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. Москва. 295 с.
- Левина Л.М. (1971). Керамика Нижней и Средней Сырдарьи в I тысячелетии н. э. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР. Том VII. Москва. 250 с.
- Левина Л.М. (1972). Отчет о работе Сырдарьинского маршрутного отряда в 1972 г. // Архив ИЭА, РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 97. Москва.
- Левина Л.М. (1974). Работы Джетыясарском урочище // Археологические открытия 1973 года. М. С. 471-472.
- Левина Л.М. (1975). Новые исследования памятников Джетыясарской культуры в Восточном Приаралье // Ранние ковчежки Средней Азии и Казахстана. Л. С. 42-46.
- Левина Л.М. (1976). Отчет о работах Джетыясарского отряда ХАЭЭ Института этнографии АН СССР в 1976 году // Архив ИЭА, РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 118. М.
- Левина Л.М. (1996). Этнокультурная история Восточного Приаралья I тысячелетие до н.э. – I тысячелетие н.э. Москва. 396 с.
- Рапопорт Ю.А. (1961) О раскопках курганов №2 и №3 на возвышенности Кок-Сенгир в 1961 г. // Отчет о работе Хорезмской археолого-этнографической экспедиции Института и ее отрядов в 1961 г. // Архив ИЭА, РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 55. Москва. С. 28-29.
- Тажекеев А.А. (2012). История обводнения южных протоков Нижней Сырдарьи по археологическим данным. Инкардарья // Материалы III международной конференции «Кадырбаевские чтения – 2012». Актобе. С. 96-105.
- Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. (2012). Средневековые городища древней дельты Сырдарьи // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая. №3. С. 127-133.
- Толстов С.П. (1948). По следам древнехорезмийской цивилизации. Москва. 328 с.
- Толстов С.П. (1962а). Результаты историко-археологических исследований 1961 г. на древних руслах Сырдарьи. Москва. СА. №4. С. 142-144.
- Толстов С.П. (1962б). По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва. 323 с.
- Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. (1960). Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // МХЭ. Вып. 4. Москва. С. 3-62.
- Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. (1963). Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958-1961 гг. // МХЭ. Вып. 6. Москва. С. 3-90.

References

- Andrianov B.V. (1956). Archeologo-topograficheskie izyiskaniya v basseyne Janadari v 1956 g. [Archaeological and topographic surveys in the Zhanadarya basin in 1956] // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 27. Moskva. [in Russian].
- Andrianov B.V. (1957). Otchet o rabote archeologo-topograficheskogo otryada v 1957 g. [Report on the work of the archaeological and topographic detachment in 1957] // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 31. Moskva. [in Russian].
- Andrianov B.V. (1958). Etnicheskaya territoriya karakalpakov v severnom Horezme (XVIII-XIX vv.) [Ethnic territory of the Karakalpaks in Northern Khorezm (XVIII-XIX centuries)] // THE. T. III. Moskva. S. 7-132. [in Russian].
- Andrianov B.V. (1960). Inkardarinskiy marshrut v 1960 g. [Inkar darya route in 1960] // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 50. Moskva. [in Russian].
- Vaynberg B.I., Levina L.M. (1993). Chirikrabatskaya kultura. – Nizovya Syrdari v drevnosti. [Chirik rabat culture – The lower reaches of the Syr Darya in ancient times]. Vyip. I. Moskva. 175 s. [in Russian].
- Vishnevskaya O.A. (1973). Kultura saksikh plemen nizovev Syrdari v VII-V vv. do n. e. [Culture of the Saka tribes of the lower reaches of the Syr Darya in the VII-V centuries BC.]. THE. T. VIII. Moskva. 160 s. [in Russian].
- Itina M.A., Andrianov B.V. (1972). Otchet o rabotah Syrdarinskogo otryada Horezmskoy archeologicheskoy ekspeditsii v 1972 g. [Report on the work of the Syrdarya detachment of the Khorezm archaeological expedition in 1972] // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed.hr. 97. Moskva. [in Russian].



- Itina M.A., Vakturskaya N.N., Levina L.M. (1971). Rabota Horezmskoy ekspeditsii v nizovyah Syirdari [The work of the Khorezm expedition in the lower reaches of the Syr Darya] // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 88. Moskva. [in Russian].
- Itina M.A., Yablonskiy L.T. (1997). Saki Nijney Syirdari [Saki of the Lower Syr Darya]. Moskva. 187 s. [in Russian].
- Itina M.A., Yablonskiy L.T. (2001). Mavzolei Severnogo Tagiskena. Pozdnyy bronzovyy vek Nijney Syirdari [Mausoleums of Northern Tagisken. Late Bronze Age of the Lower Syr Darya]. Moskva. 295 s. [in Russian].
- Levina L.M. (1971). Keramika Nijney n Sredney Syirdari v I tyisyacheletii n. e. [Ceramics of the Lower and Middle Syr Darya in the I millennium AD]. Trudyi Horezmskoy arheologo-etnograficheskoy ekspeditsii AN SSSR. Tom VII. Moskva. 250 s. [in Russian].
- Levina L.M. (1972). Otchet o rabote Syirdarinskogo marshrutnogo otryada v 1972 g. [Report on the work of the Syr darya route detachment in 1972] // Arhiv IEA, RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 97. Moskva. [in Russian].
- Levina L.M. (1974)]. Raboty Djetyiasarskom urochische [Works of the Dzhetyasarsky tract] // Arheologicheskie otkryitiya 1973 goda. M. S. 471-472. [in Russian].
- Levina L.M. (1975). Novyye issledovaniya pamyatnikov Djetyiasarskoy kulturyi v Vostochnom Priarale [New studies of the sites of the Dzhetyasar culture in the Eastern Aral Sea region] // Rannie kochevniki Sredney Azii i Kazahstana. L. S. 42-46. [in Russian].
- Levina L.M. (1976). Otchet o rabotah Djetyiasarskogo otryada HAEE Instituta etnografii AN SSSR v 1976 godu [Report on the work of the Jetyasar detachment of the KHAEI Institute of Ethnography of the USSR Academy of Sciences in 1976] // Arhiv IEA, RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 118. M. [in Russian].
- Levina L.M. (1996). Etnokulturnaya istoriya Vostochnogo Priaralya I tyisyacheletie do n.e. – I tyisyacheletie n.e. [Ethnocultural history of the Eastern Aral Sea region in the 1st millennium BC – the 1st millennium AD.]. Moskva. 396 s. [in Russian].
- Rapoport YU.A. (1961). O raskopkah kurganov №2 i №3 na vozvyishennosti Kok-Sengir v 1961 g [About the excavations of mounds No. 2 and No. 3 on the Koksengir hill in 1961] // Otchet o rabote Horezmskoy arheologo-etnograficheskoy ekspeditsii Instituta i ee otryadov v 1961 g. // Arhiv IEA, RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 55. Moskva. S. 28-29. [in Russian].
- Tajekeev A.A. (2012). Istoriya obvodneniya yujnyih protokov Nijney Syirdari po arheologicheskim dannym. Inkar darya [The history of flooding of the southern channels of the Lower Syr Darya according to archaeological data. Inkar darya] // Materialy III mejdunarodnoy konferentsii «Kadyirbaevskie chteniya – 2012». Aktobe. S. 96-105. [in Russian].
- Tajekeev A.A., Darmenov R.T. (2012). Srednevekovyye gorodischa drevney deltyi Syirdari [Medieval settlements of the ancient delta of the Syr Darya] // Vestnik KazNU im. al-Farabi. Seriya istoricheskaya. №3. S. 127-133. [in Russian].
- Tolstov S.P. (1948). Po sledam drevnehorezmiyskoy tsivilizatsii [In the footsteps of the ancient Khorezmian civilization]. Moskva. 328 s. [in Russian].
- Tolstov S.P. (1962a). Rezultaty istoriko-arheologicheskikh issledovaniy 1961 g. na drevnih ruslah Syirdari [The results of historical and archaeological research in 1961 on the ancient riverbeds of the Syr Darya]. Moskva. SA. №4. S. 142-144. [in Russian].
- Tolstov S.P. (1962b). Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta [Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes]. Moskva. 323 s. [in Russian].
- Tolstov S.P., Vorobeva M.G., Rapoport YU.A. (1960). Raboty Horezmskoy arheologo-etnograficheskoy ekspeditsii v 1957 g. [The works of the Khorezm archaeological and Ethnographic expedition in 1957] // MHE. Vyip. 4. Moskva. S. 3-62. [in Russian].
- Tolstov S.P., Jdanko T.A., Itina M.A. (1963). Raboty Horezmskoy arheologo-etnograficheskoy ekspeditsii AN SSSR v 1958-1961 gg. [Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences in 1958-1961] // MHE. Vyip. 6. Moskva. S. 3-90. [in Russian].